



Минага



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІ

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА

ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ СОҢҒЫ
КЕЗДЕРІ КЕЙБІР ДІН
ҰСТАНҒАН ҚАУЫМ
АРАСЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ
АСПАБЫН ШАРИҒАТҚА
ҚАЙШЫ ДЕЙТІН СӨЗДЕР
АЙТЫЛЫП ҚАЛЫП ЖАТАДЫ.
«АДАМ БІЛМЕГЕНІНЕ ДҮШПАН»
ДЕМЕКШІ, ӘДЕТТЕ МҮНДАЙ
ЖАҢСАҚ ОЙ ДОМБЫРА
ЖАЙЛЫ ХАБАРЫ ЖОҚ
ЖАННАН ТУАДЫ. ЕНДЕШЕ
ОЙЫН-САУЫҚ ЖӘНЕ МУЗЫКА
ЖАЙЛЫ ШАРИҒАТЫМЫЗДА
АЙТЫЛҒАН БЫРҚАТАР
ДЕРЕКТЕРГЕ НАЗАР
АУДАРАЙЫҚ. МУЗЫКА МЕН
ӘУЕНГЕ ҚАТЫСТЫ РИУАЯТ КӨП.
ЕҢ КЕҢ ТАРАҒАН ДЕРЕКТЕРГЕ
ТАЛДАУ ЖАСАП КӨРЕЙІК.



Айша анамыз (оған Алла разы болсын) бір ансар қызды ұзатады. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алла-ның салауаты мен сәлемі болсын): «*Уа, Айша! Ойын-сауық (музыка) болды ма? Ансарлар ойын-сауықты жақсы көреді*», — деген екен (Бұхари). Табиғин Амир ибн Сағд былай әңгі-мелейді: «Құрада ибн Кағб және Әбу Масғұл Ансари тойда отырғанда кір-дім. Сол жерде ән айтылып жатқан. Мен: «Уа, Алла елшісінің қос сахаба-сы! Бәдір шайқасының батырлары!

Сіздер отырған жерде осылай жасала ма?» — дедім. Екеуі: «*Қаласаң отыр, бізбен бірге тыңда. Қаласаң, кет. Бізге тойда ойын-сауық етуге рұқсат етіл-ген*», — деп жауап берді (Нәсаи). Тағы бір риуаятта: «*Некеде адал мен арам арасын дағыра мен дауыс ажы-ратады*», — делінген (Тирмизи, Ибн Мәжа, Нәсаи). Бұл хадистегі дағыра — музыкалық аспап, ал дауыс — ән-күй. Табиғин Нафиғ ұстазы, сахаба Абдул-ла ибн Омар (оған Алла разы болсын) хақында былай әңгімелейді: «Ибн

Омар сырнайдың үнін естігенде екі құлағына саусағын тығып, көлігін басқа бағытқа бұрды да: «Ей, Нафиғ! Естіп тұрсың ба?» — деді. Мен: «Иә», — дедім. Осылай жүріп кете бердік. Сосын: «Жоқ, естілмейді», — дегенімде құлағынан қолын алып: «Пай-ғамбармен бірге болғанымда осындай үнді естігенде осылай еткен еді», — дейді (Ахмад, Әбу Дәуіт, Ибн Мәжа).

(Жалғасы 7-бетте)

Рахима НУРИДЕН,
профессор:

ДІНИ ЖУРНАЛИСТИКА ҚАЗАҚТА БҰРЫННАН БАР



■ РАХИМА НУРИДЕН – ЖУРНАЛИСТИКА АРДАГЕРІ, ПРОФЕССОР. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РАДИОЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫН ЗЕРТТЕП, ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕР ЖАЗҒАН ҒАЛЫМ. ҚАЗІРГІ РАДИО САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫҢ КӨБІ – РАХИМА ШӘРІПҚЫЗЫНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ. ҒАЛЫМ САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ІШІНДЕ ДІН ТАҚЫРЫБЫН ДА ЗЕРТТЕП, «ИСЛАМ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ» ДЕГЕН МОНОГРАФИЯ ЖАЗҒАН. ЖАЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ АЙЫНДАҒЫ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ЖУРНАЛИСТИКА АРДАГЕРІ, ҰСТАЗ РАХИМА ШӘРІПҚЫЗЫМЕН СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.

— Рахима апай, өзіңіздің ғылыми-зерттеу бағытыңызды діни журна-листиканан байланыстыруыңызға не себеп болды? Бұл тақырыптың өзек-тілігін қалай бағалайсыз?

— Журналистиканың әлеуметтік институт ретінде қоғамда болып жатқан құбылыстарға дереу үн ко-сып, қоғамдық пікір тудыруға мұ-рындық болатыны белгілі. Ал енді ерекше атап өтетін соны құбылыс-тардың бірі — дін мәселесі бұқара-лық ақпарат құралдарын зерттеудің жана нысанын айқындап берді. Біз

тәуелсіздік алғаннан кейін осы Ис-лам діні туралы да ғылыми жұмыс-тар жазуға мүмкіндік алдық. Әуелі зерттеу нысанамызды «Ислам жур-налистикасы» деп айтпадық, «руха-ни журналистика» деген айдар ғана тақтық. Уақыт өте келе халқымыз Ислам дінімен қауышып, елдің діни түсінігі қалыптасып, көп мағ-лұматтар қоғам санасына сіңгеннен кейін ғана оны «Ислам журналис-тикасы» деп зерттеуге кірістік.

(Жалғасы 5-бетте)

■ ЖАЗУШЫ ӘКІМ ТАРАЗИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА
ЛАУАЗЫМ-МАНСАП ҮШІН АР-НАМЫСЫН
САТУДАН ТАЙЫНБАЙТЫН БЕЙШАРА
ПЕНДЕЛЕРДІҢ БЕЙНЕСІ КЕҢ КӨРІНІС ТАПҚАН.
МЫСАЛ РЕТІНДЕ «ХОШ, КӨЛЕҢКЕ!», «ӨЛІМ»,
«ҚАРАБАЙ» ӘҢГІМЕЛЕРІН АТАУҒА БОЛАДЫ.

МАНСАПҚОРДЫҢ МАСҚАРАСЫ



«Хош, көлеңке!» туындысының желісі бойынша, Қодарқұл Акқұлиев — мектеп директоры. Бірақ аудандық жиналыста көпшіліктің қолдап-қолпаштауы-мен, дауыс беруімен аяқ астынан колхоз басшысы болып сайланады. Мектеп директорлығынан жоғары қызметте болмаған адамға колхозды басқару, әлбетте, оңай емес. Елді мекеннің барлық шаруасы соның мойнында. Алайда бірнеше жыл бойы мал қыстан күйлі шығып, шығынсыз төлдеді. Қызылша да жауын-шашынға қалмай, уақытында жиналып, мол өнім түсті. Бұрын-сонды ел басқаруда тәжірибесімен, іскер-лігімен көзге түспеген кісі үшін бұлар жақсы көрсеткіш еді. Небәрі екі жылда колхоз шаруашылығы шұғыл өрлеп, тұрмыс түзеліп, екі қабатты мектеп, 100 бала-лық жаңа интернат, қаладағы театрдан еш кем түспей-тін мәдениет сарайы салынды. Сондықтан Қодарқұл-дың беделі өсіп, ауыл жұртының алдында абыройлы болды. Бұрынғы қызба, о жар мінезін қойып, сыпайы, жұмсақ, мейірімді, сабырлы, көркем мінезді болып кетті. Алып бара жатқан пысық, шаруаға соншалықты икемді болмаса да, тасы өрге домалап, асығы алшы-сынан түсті.

(Жалғасы 5-бетте)

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ҚҰЛДАР БАР МА?

■ ӨМІРДЕГІ ЕҢ ЖАМАН НӘРСЕНІҢ БІРІ – ҚҰЛ БОЛУ. ЯҒНИ ӨЗІНДІ ҚОРЛАУ, ЕРКІНДІГІҢНЕН, АБЫРОЙЫҢНАН АЙЫРЫЛУ. ЕШБІР АДАМ БАСҚА АДАМНЫҢ ҚҰЛЫ БОЛЫП, ӨЗІМЕН МАЛ НЕМЕСЕ ЗАТ СИЯҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАҒАНДЫ ҚАЛАМАЙДЫ. СОЛ СЕБЕПТІ ҚАРСЫЛАСАДЫ, ТӨБЕЛЕСЕДІ, СОҒЫСАДЫ, ЖАН БЕРЕДІ. ӘЙТЕУІР, ШАМАСЫНЫҢ ЖЕТКЕНІНШЕ, ОҢДАЙ ҚОРЛЫҚҚА КӨНБЕЙДІ. ЖЕКЕ АДАМДЫ БЫЛАЙ ҚОЙЫП, ҰЛТТАР ӨМІРІНЕ, ТАРИХҚА ҚАРАСАҢЫЗ, СОҒЫСТАРДЫҢ КӨБІ ҚҰЛДЫҚТАН ҚҰТЫЛУ ҮШІН, ЕГЕМЕН ЕЛ БОЛУ ҮШІН БОЛҒАН ЖӘНЕ БОЛА БЕРЕДІ ДЕ.

Жалпы көпшілікті, қол астындағы халықты білдірмей құл-дықта ұстау үшін «басқарушылар» құлдықта ұстаудың жана түр-лерін ойлап тапқан. Бұндай құлдыққа түскендер өздерін «азатпыз, өз еркімізбен өмір сүріп жүрміз» деген негізсіз оймен алдайды. Өйткені өздерінің құлдықта екенін сезбейді, сездірмейді. Елдің бәрі солай өмір сүріп жатқан соң, бұл жағдай қалыпты болып көрі-неді. Ақпарат сананы қалыптастырады, іштен ірілейді немесе ірітеді. Ақпараттық шабуылға, қысымға ұшыраған, алданған адам тап-таурынды іс-әрекет пен «тандаудың» иесіне айналады. Жасанды ба-қытқа (иллюзия) бөленеді. Мәжбүрлі максаттардың соңына түседі. Өзін тәуелсіз, еркін адам сезінеді.

(Жалғасы 4-бетте)



ДЕМАЛЫСТЫ ТИІМДІ ӨТКІЗУДІҢ 7 ТӘСІЛІ

Әрбір оқушы жазғы демалысты асыға күтеді. Себебі тоғыз ай бойы сабақ оқып, түрлі тапсырмалар орындаған оқушы жаз айына жеткенде шаршап, қалжырайды. Сол себепті оқушы жазғы демалыста қыдырып, демалып, сергіп, бой жазып, өзін дамытып, келесі оқу жылына күш жинағысы келеді. Бұл өте дұрыс. Алайда қыдыруды ғана басты орынға қойып, демалыс уақытын босқа өткізіп алмау қажет. Өйткені жазғы демалысты тиімді өткізген оқушы ғана жаңа оқу жылына тың серпінімен келеді. Сол үшін демалысты тиімді өткізудің жолдарын білгені абзал.

»



■ МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҮЛЫ — ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДІНИ, РУХАНИ, ӘДЕБИ ҺӘМ ТАРИХИ САНАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЗОР ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҮЛҒА. ОЛ ӨЗ ЗАМАНЫНДАҒЫ МҮСЫЛМАНДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМДЫ ҚАЗАҚТЫҢ БОЛМЫСЫМЕН САБАҚТАСТЫРА БІЛДІ. ОНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ҚҰРАН АЯТТАРЫ, ХАДИСТЕР, СОПЫЛЫҚ ТАНЫМ, АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ ЖОЛДАРЫ КЕҢІНЕН КӨРІНІС ТАПТЫ.

Мәшүр Жүсіптің шығармаларын оқыған адам оның тек акын немесе шежіреші ғана емес, терең рухани тәрбие мектебін қалыптастырған ой иесі екенін аңғарады. Ол адамның ішкі дүниесін тазарту, жүректі тәрбиелеу, Аллаға деген махаббатты арттыру секілді мәселелерге айрықша мән берді. Өйткені Ислам ілімінде дін үш негізден тұрады: Ислам, иман және ихсан. Бұл туралы Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Ихсан — Алланы көріп тұрғандай құлшылық ету. Сен Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұр»*, — деген. Демек ихсан — мұсылманның рухани кемелдік дәрежесі. Бұл — сыртқы ғибадаттың ғана емес, ішкі тазалықтың, ықыластың, көркем мінездің көрінісі.

«Ихсан» сөзі араб тілінде «жақсылық жасау», «кемелдік», «ізгілік» деген мағы-

наларды білдіреді. Ислам ғұламалары ихсанды адамның жүрек тәрбиесімен байланыстырған. Қазақ даласында бұл ұғым «тақуалық», «ар тазалығы», «жүрек тәрбиесі» секілді түсініктермен үндесіп жатты. Сондықтан қазақтың дәстүрлі діни дүниетанымында ихсан ілімі ерекше орын алды.

Абай Құнанбайұлы «толық адам» ілімін айтса, Шәкәрім Құдайбердіұлы «ар ілімін» көтерді. Ал Мәшүр Жүсіп Көпейұлы осы рухани бағытты діни таныммен ұштастырып, адам бойындағы иман мен көркем мінездің бірлігін насихаттады. «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой — Бес асыл іс көнсенің» деп жырлаған хәкім Абайдың бес асыл ісі, Мәшүр Жүсіптің «Бес қымбат» өлеңінде кездесетін адамгершілік құндылықтар дәл осы адам тәрбиесіне бағытталған. Ғұлама адам өміріндегі ең бағалы құндылықтарды

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

МӘШҮР МҮРАСЫ – ҰРПАҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫ НАСИХАТ

иманмен, ар-ұятпен, біліммен және жақсы мінезбен байланыстырады. Оның түсінігінде адамның байлығы дүние-мүлікпен емес, рухани тазалықпен өлшенеді. Мәшүр Жүсіп «Бес қымбат» өлеңінде былай жырлайды:
*«Ең әуел керек нәрсе иман» деген,
«Ақырет істеріне (ишларына) инан!» деген!
«Құдай кешірер!» дегенмен, іс бітпейді,
«Иман шартын білмесе, есен (ибан)» деген.*

*«Екінші керек нәрсе ғақыл» деген.
«Ғақылсызда тауық жағы (шағы) тақыр!» деген.
«Аз іске ашуланып, дінін бұзар,
Иманын кәпірлікке сатар» деген.*

*«Үшінші қымбат нәрсе сабыр!» деген,
«Сабырлысы мұратын табар!» деген.
«Әр істе сабырсыздың тәубе-зорлық,
Сабырсыздық басқа пәле салар!» деген.*

*«Төртінші, қымбат нәрсе шүкір» деген,
«Нығметке шүкірсіздік күпір» деген.
Жатқан жерден:*

*«Құдай кешір!» деген-қорлық,
«Себең іздеп тура жолмен жүзір!» деген.*

*«Бесінші, қымбат нәрсе әдеп» деген,
Әдепсізде иман тұру ғажап!» деген.
«Кәпірлік әдептіде тұрмағандай,
Әдеп деген махаббатқа себең!» деген».*

Мәшүр Жүсіптің дүниетанымында ең басты құндылықтардың бірі — иман. Ол адам бойындағы адалдық, сабыр, шүкір, ұят, мейірім секілді қасиеттерді

жоғары бағалайды. Бұл қасиеттер Абай айтқан рақым, қанағат, еңбек және терең ой ұғымдарымен мазмұндас. Екі ойшыл да адамның ішкі тәрбиесіне ерекше мән берген. Абай Құнанбайұлы адамның кемелдікке жетуі үшін талап пен еңбекті бірінші орынға қояды. Талап — адамның алға ұмтылысы болса, еңбек сол максатқа жетудің жолы. Ал Мәшүр Жүсіп те жалқаулықты, надандықты қоғамның үлкен дерті ретінде сипаттайды. Ол білім іздеуді, ғылым үйренуді мұсылмандық парызбен байланыстырады.

Екі ғұламаның ойларындағы тағы бір үндестік — қанағат пен нәпсі мәселесі. Абай қанағатты адамның ішкі тұрақтылығы мен сабыры деп түсінсе, Мәшүр Жүсіп нәпсіге ермеуді рухани тазалықтың шарты ретінде көрсетеді. Бұл Исламдағы ихсан және тақуалық түсініктерімен сабақтас.

Ойшыл Мәшүр Жүсіп халықты білім мен иманға шақырып қана қоймай, айтқан сөзіне амал-әрекет жасады. Оның өз шәкірттеріне берген аса маңызды тәрбиесі ғылым жайында еді. Оқыған адамның көзінің алды жарық болатынын ұғындырды. Ал хат танымаған кісіге бар нәрсе бұлдырап тұрады. Білімі таяз адам дірілдеп-қалтырап, әркімге бір жалтақтағыш келеді. Білікті кісі құйған қорғасындай салмақты болады. Сондықтан терең де парасатты білім әрбір адамға ауадай қажет.

Ғылым пенденің ішін лас қылықтан тазартатын түнлік сияқты. Түнлік арық-ұйге күндіз күннің, түнде айдың

сәулесі түсіп тұратын болса, сапалы білім де адам жанын баспалдақтай биіктете беретіні анық дегендерді айта келіп, ақын ғылым жөнінде ойын былайша қорытады: «Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп, сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады».

Қорыта айтқанда, Мәшүр Жүсіп еңбектерінде адамның өзін-өзі тәрбиелеуі басты тақырыптардың біріне айналды. Ғұлама «Адамның тазалығы жүрегінің тазалығында» деген мазмұндағы ойларды дәріптеді. Бұл — ихсан ілімінің негізгі ұстанымдарының бірі. Ол дінді тек рәсім немесе сыртқы ғибадат ретінде қарастырмаған. Керісінше, адамның мінез-құлқы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін бірінші орынға қойған. Мәшүр Жүсіптің пікірінше, жүректе мейірім болмаса, адамда ұят пен ар болмаса, халыққа қызмет ету ниеті болмаса, онда діни білімнің толық пайдасы болмайды. Бұл — бүгінгі қоғам үшін де аса маңызды насихат.

Біз бүгінгі ұрпаққа тек діни білім ғана емес, рухани мәдениет пен адамгершілік тәрбиесін де бірге жеткізуіміз қажет. Себебі ихсан — қоғамды ізгілендіретін, адамды кемелдікке бастайтын ұлы құндылық. Алла Тағала баршамызға жүрегі таза, ниеті түзу, көркем мінезді құлдарының қатарынан болуды нәсіп етсін! Әумин!

«АДАМ ДЕГЕН ЖҮРЕКПЕН ӨЛШЕНЕР...»

■ «КӨРІКТІ ОЙДАН КӨРКЕМ СӨЗ» ЖӘНЕ «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫСЫ» ҰҒЫМДАРЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІНДЕ ТЕРЕҢ МАҒЫНАЛЫ, АДАМГЕРШІЛІК ПЕН ЭСТЕТИКАНЫ ҰШТАСТЫРАТЫН ҚҰНДЫЛЫҚТАР. БҮЛ ТАҚЫРЫПТАР СӨЗ ӨНЕРІНІҢ, ҚАЛАМГЕРЛІК ШЕБЕРЛІКТІҢ ЖӘНЕ АДАМ ЖАНЫНЫҢ АЗЫҒЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ.

Көркем сөз — тек ойды жеткізу емес, оны әдемілеп, жүрекке жылы, құлаққа жағымды етіп жеткізу өнері. Бұл — ойдың (идеяның) көркемдік формаға (сөз өрнегіне) айналуы. Мүсілім Базарбаевтың «Көрікті ойдан көркем сөз» атты зерттеулерінде қазақ лирикасының көркемдік ізденістері, өлең құрылысы мен жанрлық жүйесі талданған. Көркем сөзді тудырушы — қаламгер. Ол құрамында, терең сезімді дәл де, әсерлі жеткізе білуі керек.

Жақсылық жаршысы — айналасына мейірім, жылулық және ізгілік нұрын шашатын, адамдарға үміт сыйлайтын, «жақсы» сөз айтушы. Жазушы немесе акын өз шығармалары арқылы адамдарды имандылыққа, мейірімге, адамгершілікке үндейтін «жақсылықтың» жаршысы болуы тиіс.

Жалпы әр адамның, азаматтың өзіндік өмірлік ұстанымы, өз мүддесі, қызығушылықтары бар. Біз үшін ең бастысы — жақсы мен жаманды айыру жолында адамдарға ой салу, жер бетінен ізгіліктің, мейірімнің жоғалмауына үлес қосу. Тіпті өмірдің ұрлық, жемқорлық, тәртіпсіздік, тоғышарлық пен надандық сияқты жағымсыз жағын жазып отырып, оқырманды сондай-ақ біржола жеріндірулі, безіндірулі ойлау керек. Біз қандай тақырыпта мәселе көтерсек те, түпкі мақсат біреу — адамгершілік өлшемінен аспау.

Жақсылыққа, нәтижеге адам талап-талпыныс, ізденіспен, еңбекпен жетеді, оны ешкім ешкімге жасап бермейді. Біздің ойымызша, өмірде адамға ең керек қасиет — төзім, сабыр. Сонан соң қандай қиындық, қандай өкініш болса да, адамның мақсаты айқын болуы және сабырмен сол мақсатқа ұмтыла беруі керек. «Сабыр түбі — сары алтын» деген, сондықтан да ол өзіміздің өмір ұстанымымызда жастарды адалдықты, шындықты ту етіп, жақсылыққа ұмтылуға, төзімді болуға шақыруы керек. Біздің басты мақсатымыз — тірші-



лікте жас адамның алдынан шығар кедергілер мен кесепаттарды жеңе отырып қана өмір мәнді де мағыналы болатынын көрсету.

Жалпы дәстүрлі қазақ қоғамында жас ұрпақты ешкімнің ала жібін аттамауға, адал жүріп, адал тұруға, кісіге қиянат жасамауға тәрбиелейді. Қазақы болмыс, қазақы психология, қазақы таным арқылы берілуімен де ерекшеленеді. «Адам ең көп азапты қарапайым ақиқатты, шындықты елемегеннен шегеді» деген Ф.Ницшенің анықтамасынан бастау алатын философиялық ой-тұжырымдар тізбегі барған сайын тереңдеп, бүтін бір ой аралына түсіп кеткенінді байқамай қаласыз.

Жазушы, ұстаз, зиялы қауым, егер ол шын мәнінде жақсылық адамы болса, оның жаны ерекше болады. Өйткені ол — ойдың адамы. Күні-түні үстінде үлкен жүк, зор жауапкершілік тұрғандай болып, жұмысы да ешқашан бітпейді. Себебі ол — елдің де, халықтың да тамыршысы. Рухани ашықтан адам өлмейді, бірақ көп жағдайда адамшылық қалпынан айырылады. Ұлттық салт-санадан ажырайды. Әдебиетінен айырылған ел ақшаның құлы болып, арды аяққа басады. Әдебиет пен мәдениеттен айырылу — ұлттық рухани экологияға ұрыну. Халық рухани ашыққа ұшырамауы керек, ондай жағдайда ұлт идеологиясыз қалады, жас ұрпақ тәрбиесіз кетеді, ата-баба дәстүрінен, салт-санадан айырылады.

Біз сөз еткелі отырған Мәшүр Жүсіп — қазақ халқының тарихында өзіндік орны

өлең, кейде терме түрінде келсе, ал енді бірде нөсерлі жыр жолдарын еске салады. Мәшүр Жүсіп шығармашылығында тоқтау, жалығу, еріну, мүдіру, кідіру болмайды. Жарық шамдай жайнап, мөлдіреп аққан бұлақтай қайнап, тасыған судай төгіліріп, маржандай тізілдіріп, бұлбұлдай сайрап, тыңдаушының көңілін әбден жайратып, таңырқатып, тамсанытып, мейірін қандырады.

Ихсан ілімі — Ислам философиясындағы маңызды ұғым. Ол Аллаға шын ықыласпен қызмет ету, ізгілік пен ізгі амалдарды орындау, жүрек тазалығы мен ниетті дұрыс ұстау арқылы көрінеді. Қазақтың дәстүрлі рухани әлемінде бұл ұғым Мәшүр Жүсіп шығармаларында айқын көрініс табады.

Ихсан ілімі жүректің тазалығын, ниеттің адалдығын және амалдың ізгі болуын басты қағидат етеді. Мәшүр Жүсіп шығармаларында бұл ұғым әрқашан адамның ішкі рухани дамуын, өз әрекеттерін дұрыс бағалауды және қоғамға пайда әкелуді дәріптейді. Ол адамдарға тек сыртқы тәртіп пен діни міндеттерді орындауға ғана емес, сонымен бірге жүректегі тазалық пен шын ықыласты сақтауға үндейді.

«Дін тағылымы» атты жазбаларында «милды бес қызметкері», яғни бес сөзім мүшесі («Хауас хамса»), жігіттік және кәрілік жас уақыты яки иненің жасуындай міні жоқ Құдайдың шеберлігі білімпаздықпен сөйленеді. Көңіл, нәпсі, қанағат, дене, көз, мұрын, құлақ, ауыз, қол, аяқ тәрізді дене мүшелеріне лайықты сипаттама береді. Мысалы, дене — шаһар, құлақ — телеграф, ауыз — телефон, аяқ — пароход, т.б. «Егер қанағат байлығы берілсе, сол байлықтың арқасымен пенде Құдайды табды» дейді. «Жеті семіз сиыр мен жеті жасыл бидай — жігіттің жас уақыты», «Жеті арық сиыр мен жеті қуарған бидай — кәрілік уақыты» дейтін ұғымдарды ғылыми айналымға қосады.

Кәрілік дегеніміз — таршылық, қоршылық, жарлылық, зарлылық. Оның көріністері — ашушандық, шаһуатқұмарлық, төқаппарлық, кінәшілдік, дүниеқоныздық, кекшілдік, кінәмшілдік. Ал адамның болмысында хикмет, ғылым, қанағат, сабыр, ораза, ерлік, тағат болса, онда жақсы мінездердің арқасында «денесі Мысыр шаһары» іспеттес дейді. Мәшүр Жүсіптің көрсетуінше, «Айтушы Құдайдың өзі де, не сөйлесем, соның сөзі» дейді. Оның діни-сопылық дүниетанымы мейлінше терең. «Ұшы жоқұзын, түбі жоқ терең» таусылмайтын сөз бар. «Ақырет жабдығы» толғамында сөйлеуші мен тыңдарман арасындағы өзара қарым-қатынасты Шайхы Әбілқасымның уағыз айту үстіндегі күйіне орай ойлар өрбітуі, яғни «жан ділмен, шын көңілмен» сөйленуі қажеттігі айтылады.

Түркілік-сопылық мәдениетті жетік меңгерген Мәшүр Жүсіптің: «Көңіл де-

ген үй сықылды нәрсе. Оның ішіне кіретұғын иесі — Жаратушы Құдай Һәм Құдайдың пікір-зікірі», — деген байламында діл, ождан, рухани тазалықты байыпты бағамдайды. «Сөз деген көңіл қазынасында жауһар» дейтін пікірінде қаншама сырлар, мағыналық қырлар бар. «Көңіл» ұғымында қазыналы жүрек, қасиетті рух, нәзік сыр, кемел парасат, дұрыс ниет, шалқар пейіл, мырза мейір, иман бір-бірлерімен керемет үйлесім тапқан.

Мәшүр Жүсіптің сөзі бойынша, жүректің тазалығы — ең асыл қазына, ниетін таза болса, амалдарың да мәнді. Жақсылық жасасаң, жүрегіңмен жасай біл, әр ісінде ізгілік табылсын. Бұл оның адамға тек сыртқы әрекет емес, жүректегі тазалықты сақтау керектігін ұғындырады.

Оның шығармалары жеке адамның ғана емес, қоғамның да рухани дамуына қызмет етті. Ол адамдарға шынайы жүрекпен өмір сүруді, әділдік пен мейірімділікті дәріптеді. Тағы бір өлеңінде: «Адам деген жүрекең өлшенер, Ниетің таза болса, сөзің де бекер емес», — делінген. Бұл жолдар әрқайсымыздың күнделікті өмірімізде ниетіміз бен амалымыздың мәнін ойлануға шақырады. Мәшүр Жүсіптің рухани мұрасы — қазақ қоғамына бағыт беретін шыңырау рухани қазына. Оның шығармаларындағы Ихсан ілімі адамға жүректің тазалығы, ниеттің адалдығы, ізгі амал жасау қажеттігін үйретеді. Оның өмірлік ұстанымы бізге былай дегендей: «Жүрегіңді таза ұста, сөзіңді ізгі қыл, Әр ісінде өзіңнен бастап жақсылық тарат».

Бүгінгі күні де Мәшүр Жүсіптің мұрасы өзектілігін жоғалтпайды. Біз оның идеясын өз өмірімізде ұстана отырып, қоғамымыздың рухани дамуына үлес қосамыз. Адам болу — бір мәселе. Адам боп қалу — қиын мәселе. Ізгілік, адалдық, әділет, шыншылдық — адамгершіліктің төрт құбыласы. Күшті адам — өзгелерді бағындыра алатын емес, өз-өзін ақиқатқа бағындыра алатын адам. Ал ақиқат дегеніміз: Алла сөзі Құран, оның шынайы мән-мағынасы, ғылыми дәлелі жоқ жалған сөздер емес. Ақиқат үшін күрес — дінді ғылыммен, ғылымды дінмен дәлелдеу жолындағы мәңгілік зерттеу.

Кезінде әйгілі Төле би: «Адамның басшысы — ақыл, шолушысы — ой, жетекшісі — талап, қорғаушысы — сабыр, сынаушысы — халық, таусылмайтыны — арман, ең қымбаттысы — ар сақтау, бәрінен ардақтысы — өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі — сыйластық», — деген екен. Ал қазақ баласы үшін тағы үш ұстаным ерекше есте болуы керек. Олар — обал болады, сауап болады, ұят болады. Ендеше, осы ұлы ұстанымдар бізге үлкен күш-қуат болсын!

Айман ЗЕЙНУЛИНА,
филология ғылымдарының
кандидаты, профессор

(Басы 1-бетте)

– Ислам журналистикасы тақырыбы несімен өзекті?

— Бул такырыштын өзектүүлүгү сонда, журналистика гана эмес, ғылымдын барлык саласында Ислам дининин күндүлүктөрү зерттеліп жатыр. Өйткөнү Ислам дининдегі ізгилік, төзүмдүлүк, адам өмірінин күндүлүгү, тәрбие мен казир көп айтылып жүргөн конфессияларалык келисім сынды касиеттер осы заманда жоғары бағаланып отыр. Сол себепті де дін такырыбы зерттеуге лайык болып отыр. Казак топырағында талай ұлт пен ұлыс, дін өкілдері өмір сүрді, халқымыз ешкімнің де діни сенімін таптамады. Атеистік кезеңде қанша жерден теріске шығарса да, салт-дәстүрімізбен біте қайнасып кеткендіктен, Тәуелсіздік алғаннан кейін дініміз қайта оранды. Ал оны қоғамда насихаттау үшін зерттеу қажет болды.

— Сіз зерттеген Қазақстандағы діни журналистиканың қалыптасу кезеңдері туралы айтып өтсеңіз. Бұл саланың дамуында қандай ерекшеліктер бар?

— Мұны докторлық тақырып етіп алғаныменен қорғау мүмкін болмады, бірақ еңбектенген соң монография жазып шығып, оны жарыққа шығардық. Өйткені бұл да өте қажетті тақырып және қажетті монография деп есептейміз. Қазақ басы-сөзінің дүниеге келуінен бастап қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарына дейінгі аралықтағы дін мәселесінің көріністерін жүйелі сараптап, Исламның алатын орны мен атқаратын рөлін жарияланымдар арқылы зерттеп, тұтқамыздың дінге деген көзқарасының тапқас картинасын жасау арқылы қазақ діни журналистикасының қалыптасуын ғылыми дәлелдеп шықтық.

Үлгі дини журналистика қазақ қоғамында кеше не бүгін қалыптасқан жоқ, әуелден бар. XIX ғасырдағы алғашқы қазақ басылымдары «Дала уәлаяты», «Түркістан уәлаяты» газеттерін Патшалық Ресей шығарып тұрғанымен, мұнда да дін мәселелері айтылды. Одан кейінгі өзіміздің «Қазақ» газеті, «Айқап» журналдарында көдімгірдей дін мәселелері айқын жазылып тұрды, өзіміздің Алаш қайраткерлерінің мақалалары да басылды. Көптеген проблемалар айтылды, өртүрлі дини мәселелер жазылды. Демек бізгегі дини журналистика қазақ баспасөзі, бұқаралық ақпарат құралдары қалай пайда болды, солай дін мәселелері де адамзаттың құндылығы ретінде жазыла бастады. Өрине, одан кейінгі 1920 жылдардан бастап атеизм орнаған соң жетпіс жыл бойы бұл мәселе қозғалған жоқ. Соның өзінде өткен ғасырдың 70-80 жылдарында ашық түрде болмаса да, басқаша сипатталып, құпиялап айтылған



Рахима НУРИДЕН,
профессор:

ЖУРНАЛИСТИКА ҚАЗАҚТА БҰРЫННАН БАР

күіде дін мәселелері қозғалып отырды. Бұған Ақжан Машанидің мақалаларын мысалға келтірсек болады.

— Ал қазіргі Ислам журналистикасында өзгерістер бар ма?

– Бүгінгі діни журналистиканың дамуында айтарлықтай өзгешеліктер бар. Себебі зайырлы баспасөздің өзінде діни мәселелер айтылды және арнаулы беттер, арнаулы айдарлар ашылды. БАҚ, масс-медиада діни тақырыптарға орын берілді, одан бөлек діни газет-журналдар пайда болды. Қазіргі кезде діни журналистика өзінің қалыптасу кезеңінен өтіп, экономика, саясат тақырыбынан қатар алдыны орынаң шықты. Яғни қоғамда діни тақырыптың жиі көтеріліп, талқыланып жатқаны сезімізге дәлел болады.

– Осы ретте мынаны айтқызышы, діни журналистиканың қоғамдағы рөлі қандай? Оның рухани тәрбие мен қоғамдық санаға ықпалы қаншалықты?

— Діни журналистика дегенде елімізде мұсылман қауымының көптігіне байланысты негізінен Ислам құндылықтары дәріптеледі. Қаламгерлердің діни танымын жетілдіріп, Ислам тақырыбына бет түзеуі, Тәуелсіздік жылдарындағы журналистикаға қосылған діни мұралар бұл саланың қоғамдағы рөлін айқындап берді. Рухани публицистика қанат жайып, Ис-

ламның құндылықтары насихатталып, уағыздалып келеді. 90-жылдардың басын да ағезім деуірі аяқталып, дінтануға көп көңіл бөліне бастады. Исламды барлық қырынан көрсету арқылы санада сілкініс туғызып, хақ дінді тағыту ұлттық танымға, салт-дестүрімізге, бірлік пен ынтымаққа,

имандылыққа оң ықпал еткені рас. Бұған танымал философ ғалымдардың да қосқан үлесі зор. Әсіресе, Фаридолла Есім, Амангелді Айталы, Жабайхан Әбділдиндердің еңбегі арқылы философиялық публицистіка қалыптасты. Оған қоса әдебиет пен тарих саласының мамандары да діни журналистиканың дамуына үлес қосты. Өйткені бұрын біз Абай Құнанбайұлының, Ыбырай Алтынсариннің, Шәкәрім қажы Құдайбердіұлының шығармаларына біржақты ғана ағартушылық сипатта қарайтын болсақ, қазіргі кезде олардың діни сауатты, өте білімді болғанын байқаймыз. Ал олардың рухани мұрасы әлі күнге діни таным-түсінігіміздің қалыптасуына немесе білім-білігіміздің артуына себепкер болып келеді.

— Сіздіңше бұл саланы дамыту үшін қандай қадамдар қажет? Діни тақырыпты қозғайтын журналист ең алдымен қандай білім мен ұстанымға ие болуы керек?

рыпқа жазатын журналистер дінді де түсінуі керек әрі жаза да білу керек. Сондықтан бұл тақырыпқа қызығушылығы жоғары діни мамандық пен журналистикадағы студенттерді екі кафедра бірлесіп отырып маман етіп даярлауы алдағы күндердің еншісінде деп білемін.

– Қазіргі ақпарат кеңістігінде діни тақырыпты жариялауда қандай кемшіліктер немесе қауіптер байқалады?

– Кейбір макалаларда, контенттерде кететін қателіктердің негізгі себебі діни білім, таным-түсініктің болмауынан деп есептейміз. Мәселен, спорттан хабары жоқ журналисттің спорттық жарыстар жайлы ақпарат таратуда қате жіберу ықтималдығы жоғары. Діни тақырыпта дәл солдай. Әзірге дәстүрлі қазақ баспасынан өте өрескел қателіктерді байқаған жоқпын, барлығы шама-шарқынша жазып жүр. Діни тақырыбы өте терең болғандықтан, журналистер көбіне ағартушылық



Бүгінгі діни журналистиканың дамуында айтарлықтай өзгешеліктер бар. Себебі зайырығы баспасөздің өзінде діни мәселелер айтылды және арнаулы беттер, арнаулы айдарлар ашылды. БАҚ, масс-медиада діни тақырыптарға орын берілді, одан бөлек діни газет-журналдар пайда болды. Қазіргі кезде діни журналистика өзінің қалыптасу кезеңінен өтіп, экономика, саясат тақырыбымен қатар алдыңғы орынға шықты.

және танымдық бағытта жазуға тырысады. Бұл жағынан қауіп жоқ, кемшілік те байқалмайды.

— Ақпарат саласында еңбек етіп жүрген мамандарға, әсіресе жас журналистерге қандай тілегіңіз бен кеңесіңіз бар?

— Қандай тақырыпты қозғаса да журналист болам деген адамның қаламы жүйрік, ойы ойы биік болуы керек. Ол көп оқуы, ізденуі тиіс. Қазір «жасанды интеллект» деген шықты. Жасанды зерденін айтқанының жетегінде кете беруге болмайды, журналист өзінше ой қорытып, пікір айта білетін, қоғамдық санаға әсер ете алатын адам болуы керек. Ол үшін көп іздену қажет. Қазіргі кезде ақпарат көп, ол ақпараттың жалған не ақиқаттың әуелі тексеріп алу керек. Әйтпесе көп ақпараттың ішінде журналистің жанылып кетуі мүмкін. Сондықтан журналист жан-жағын бағамдап, өзінің алған тақырыбын, соның шынайылығы мен ақиқатына көз жеткізіп, өзінің көркем ойлары арқылы жеткізе білуі қажет.

Сұхбаттасқан
Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

(Басы 1-бетте)

Әйтсе де онын баласы ұлы да бар еді. Отбасылы екеніне қарамастан, колхоз бастығы Тана есімді жас қызға ғашық болатын. Бір күні таулағы малшылардың тойында ол бойжеткенді ел көзнен таса шатқалға шақырады. Оңашада жігітшілік істейді. Мұны Төлтаы деген кісі көріпті. Ел-жұртқа көргенін айтып, абыройын төгетінін астарлап, коқан-лоқы жасайды. Колхоз бастығының үйіне барып, төрге дейін аяқ киімінен кіреді. Кенседегі жалаңас шіміп келіп, басшыға тіл тигізеді. Өзін қызмет бабында өсіруін талап етеді. Қысқасы, ойнана келгенді істейді. Онын мұндай басысздығына бірнеше күн амалсыз көнген Қодарқұл ақыры шыдай алмай, жарылады. Үйіне келіп, басынған Төлтаыны көтеріп алып, шарбақтың ар жағына лақтырып жібереді. Қата құлаған Төлтаыдың басы жарылады, бетін қан жауып кетеді.

Колхоз басшысы мен тана сұрудың ара-
сындағы жайт бөрібір де бүкіл елге та-
райды, гу-гу өсек жайылады. Қыз ұялып,
қалаға оқуға кетуге сұранады. Қодарқұл-
дың орнына қызығып жүрген Еркебулан
Көккөз секілді тұрғындар мұндай мүм-
кіндікті қалт жібермейді. Басы жарылған
Төлтайды дәрігерге апарып, анықтама
алдырып, Қодарқұлдың үстінен арыз жа-
зады. Оны аудандық жиналысқа салғы-
зып, орнынан алғызады. Қайтадан мектеп
директоры қылмақ болғанда, біреулер
«Өзін-өзі ұстай алмайтын адам қалай мек-
теп директоры болады?» деп кінжінеді. Сөйтіп Қодарқұл колхоздың қара жұмы-
сына жегіліп, мал бағуға жіберіледі. Бөрі-
нен бұрын әйелі қатты қорланады. Ел
көзіне түсуге қысылады. Бастықтың жұ-
байы болып жүріп, бір-ақ күнде қойшы-
ның әйеліне айналудан оңай емес екен. Ал
Қодарқұлдың өзі әдемі костюм-шалбарын
көнетоз киімге ауыстырып, жылтыраған
туфлиінің орнына керзі етік киіп, жана
жұмысына кіріседі.

Бир күндөдө ошого чыгарып төрт көп-ак. Ен алдымен, колхоз бастыгынын бир-ак сәтте малшы болып шыға келгени секілді калктайту мен құлдилаудын арасы – бир-ак кадам. Сондуктан мастан-бау керек. Екіншіден, онын ойда-жокта құлдырағанына себеп болған – сулу кызга деген құмарлыгы. Барлык келенсіздік содан кейін басталды. Яғни адам нәпсіні тежей алмаса, орға құлайтынына кәдік жок. Үшіншіден, Колдаркулдын орнына, кызметіне қызыгып, қызғанып жүргендер көп болды. Олар башшынын бір сүрінгенін пайдаланып кетті, пығылына жетті. Демек



Ал Таразидың «Өлім» деген әңгімесінің

Ал парадигма «Эли» деген ой менен мазмуну бойынша Кірішбай – облыс орталығында жоғары қызметте істейтін лауазымды азамат. Ол бір күні жан досы Еркебұлан мен әйелі Бәтиханьды үстінен түсіп, екеуінің көңілдез екенін біліп қояды. Ашуға булығып, зайыбын көкала қойдай қылып бастайды. Ал «досынан» өзгеше кек алмақ болады. Оның үстінен «Кенес адамына тән емес қылық көрсетті, айрандай ұйып отырған отбасын бұзды» деп арыз жазып, жоғарыға шағымданады. Ниеті – күнәһарды мансабынан айырып, тұқырту. Алайда Еркебұлан мұның өзіне қарсы жоспар құрды. Бәтихань дәрігерге апарып, анықтама алдыртады да, «Кірішбай қатынын өлімші қылып сокқыға жикты» деп өзінің үстінен арыз жазды. Сөйтіп, Кірішбайдың басына бұлт үйірілді. Мұның ісі үлкен дауға айналып, басылыққа жетті. Әне-міне қызметінен алып тастайтыны анық еді. Ақырында басқа амалы қалмаған ол «досы» Еркебұланды үйіне қонаққа шақырып, ақ дастарқан басында сұйман етті, асты-үстіне түсіп кешірім мейман. Біраз уақыт сазарып, томсарып жүрген Бәтихань да



АСЫ

Оның «Қарабай» әңгімесі де осы тақырыпта. Мұндағы бас кейіпкер – профессор Ардабай Жакенов. Ол өзі секілді Әбділ-



махмұт Әбділмахаметович деген ғалымды бәсекелес көреді. Өсіп, өзінен озып кеткенін қаламайды. Сол себепті, ғылыми кеңесте Ардабай Жақенов «қарсыласының» шәкіртін құлатып, диссертациясын сәтті қорғап шығуына жол берген жоқ (өйткені шәкірті жобасын қорғай алмаса, жетекшісіне үлкен соққы). Алайда мұны өз қолымен істемеді. Өзінің шәкірті Әділғазыны айдап салып, түрлі китүрқы сұрақтар қойғызды. Диссертант жігіт күрделі сауалдарға жауап бере алмай мүдіріп, қипақтады. Зерттеу жұмысын қорғай алмай, құлап тынды. Жақенов «жауын»

*Бұл туындыда өңге ала-
колхоз бастығының бір-
келгені секілді қалықтау
қадам. Сондықтан маст
ойда-жоқта құлдыраған
деген құмарлығы. Барлы
басталды. Яғни адам нә
құлайтынына кәдік жоқ*

Әбсәкелес көреді. Сол, өзінен өзгін кеткенін каламайды. Өсп сепбегі, ғылыми кенесте Ардабай Жақенов «қарсыласының» шәкіртін қулатып, диссертациясын сәтті қорғап шығуына жол берген жоқ (өйткені шәкірті жобасын қорғай алмаса, жетекшісіне үлкен соққы). Алайда мұны өз қолымен істемеді. Өзінің шәкірті Әділғазыны айлап салып, түрлі китүрқы сұрақтар қойғызды. Диссертант жігіт қүрделі сауалдарға жауап бере алмай мүдіріп, қипақтады. Зерттеу жұмысын қорғай алмай, қулап тынды. Жақенов «жауын»

отырғаны осы — Ардабай. Арам ниеті, қара пиғылы үшін елдің бәрі оны «Қарабай» атап кеткен.

Әр перзентіне арамдық жасаудан да тайынбады. Қызы Баян Айбол есімді жігітпен сөзі жарасып, екеуі бірін-бірі ұнаттын. Бірақ профессор Айболдан өзінің кәдесіне жарар жарқын келешек көрген жоқ. Сондықтан екеуін айырғысы келді. Баян шәкірті Әділғазымен көңіл қосуын қалады. Себебі Әділғазы болашақта профессордың керегіне жарар пайдасын тигізеді. Арам ойын жүзеге асыру үшін Ардабай Баян, Айбол, Әділғазы үшеуін алып, көлікпен Алматыдан Нарынқолға аттанды. Онда Құттыбай деген орманшы досы тұратын. «Соның үйіне барып, табиғат аясында демаламыз, көпөп пісіреміз» деп алдады жастарды. Құттыбай орманшы ішіп алса, адам өлтіруден тайынбайтын қызылқаз бөлек екен. Бір-екі рет кісі өлтіре жаздап, милиция ұстап алып кетіпті. Досының мінезі Ардабай балаларға ескертіп айтып қойды. Олар Нарынқолға жеткен соң, орман ішіндегі алаңқайда тамактануға отырды. Қонақтарына «іш-іш» деп арақ алдыра қалмаған Құттыбай ешкім ішпеген соң, арақты өзі ішті. Мас болып қалып, үйден мылтық алып шықты. Баянды ата-мын деп қаруын кезепіп, доқ көрсетті. Қорқып кеткен Айбол жерге жығылып, жорғалап, атпауын сұрап, жылап жіберді. Ал Әділғазы жолбарыша атылып келіп, орманшымен алыса кетті, қаруын тартып алып, лақтырып жіберді. Сонда Құттыбай қарқ-қарқ күліп, мұның қалжын екенін айтты. Осы оқиғадан кейін Баянның Айболдан көңілі суып кетті. Қыз алдында Айболдың абыройы түсіп, ал Әділғазы «ержүрек қаһарман» болып шыға келді. Шын мәнінде, мұның бәрі Ардабай мен досы Құттыбайдың алдын-ала келісіп, ұйымдастырған қойылымы еді. Сол спектакль нәтиже беріп, қыз екісінің ойлағанын жүзеге асты. Баян мен Айболдың арасы алашқақты. Осы хикаяны оқып отырып, Ардабайдың пасықтығынан жиреніп, мырс етесін. Лауазым-қызметіне септігі тиетін жігітті қүйеу бала қылғысы келіп, қызының сезімін елеусіз қалдырған кісінің болмысы сондай төмен әрі нас. Бұл мақалада талданған әңгімелерден түйетініміз — мансапқа күл болғандар өзінің ғана емес, отбасының да ар-намысын, абырой-беделін жығып беріп, аяқасты студент еш шімірікпейді.

THE UNIVERSITY OF CHICAGO

Айтары бар ақсақал

АУЫР ЕҢБЕКТІҢ ҚИЫНДЫҒЫН КӨТЕРЕ БІЛГЕН АДАМНЫҢ ЖҮЗІ ЖАРЫҚ, МАЛЫ АДАЛ. ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ КӨКСУ АУДАНЫ ТАЛАПТЫ АУЫЛЫНДА ТҰРАТЫН СӘРСЕМБАЙ ДӘУІТҰЛЫ 85 ЖЫЛДЫҚ ҒҰМЫРЫНДА АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ТАБЫС ТАУЫП, ЖҰБАЙЫ ТҰРСЫНБҰБЫ АСҚАРҚЫЗЫ ЕКЕУІ – 12 БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕП ӨСІРГЕН ЖАНДАР.

Ақсақалдың айтуынша, Алматы облысының Қаскелең ауданында тұрып, әпкелерінің, іні-қарындас-тарының алаңсыз білім алуы үшін ауыр еңбекке араласыпты. Атап айтқанда, ақ таяқ ұстап қой бағып-ты, шопырлық курсты бітіріп, трактор және жеңіл көлік тізгіндепті. Өткен ғасырдың 60-жылдары Үш-қоңыр жайлауында шопан болған Сәрсембай Дәуітұлы бауырларына қолынан келген көмегін беріп, қолдау көрсетіпті. Міне, осындай жанашырлықтың арқасында филология ғылымдарының докторы, акын Сәрсенбі Дәуітовтің есімі күллі елге танылды. «Інім Сәрсенбі саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ қаламгерлерінің ақталуына үлес қосты. Сол үшін Мәскеу, Ленинград қалаларындағы архивтерді ақтарып, талай ақтандақты анықтады. Табылған мәліметтерді Ұлттық Ғылым академиясында қорғап, құрылған комиссияға дәлелдеуге күш салғанын жақсы білемін. 1982 жылы кандидаттық диссертация қорғады. Қорғауына барып қатыстым. Комиссия төрағасы Серік Қирабаев, хатшысы Мұхтар Мағауин екен. Астымда қызыл «Жигули». Сол кісілерді ары-бері тасып, қызмет көрсеттім. Кейін докторлық қорғағанда жұмыстан бара алмай қалдым. Ол да бір дәуір екен. Бүгінгі күні солардың үшеуі де бақилық» деген ақсақал ауыр күрсінді. Тағы бір інісі Қызырхан Дәуіт Жетісу өңіріне танымал тіс дәрігері әрі белгілі кәсіпкер атанған жан еді. Ол да пандемия кезінде бақилық болды.

Өмір жолына көз жүгіртіп, өткен күндердің шуақты сәттерін ой елегінен өткізген кейіпкеріміз зайыбы Тұрсынбүбі Асқарқызымен кішкентайында атастырылғанын, есейген соң анасының талап етуімен ертерек бас құрағанын айтты. Шопанның ақ таяғын ұстаған алғашқы жылдары мал фермасының бастығы Мұхамедрахым, жылқы фермасының менгерушісі Досбол сынды азаматтардың көп жақсылығын көріп, сыйлас-сырлас болыпты. Дәл сол кезде Қаскелеңде жүрген әйгілі «Менің атым – Қожа» көркем фильмінің түсіріліміне қатысып, азынаулақ гонорар алғанын сағына еске алды.

«1968 жылы ағайым Жақыптың шақыруымен осы ауылға көшіп келдік. Ол кезде Талдықорған Алматы облысының құрамында. Бір жылдан соң өз алдына бөлек облыс ретінде қайта бөлінген Талдықорған облысының тұрғыны болып шыға келдік. Алдымен кеңшарға сумұрап болып орналастым. Содан табан аудармай 25 жылға жуық Көксу өзенінен шыққан суды алқаптарға жеткізуге күш салып, егістіктердің жайқалуына үлес қосыппыз. Ширек ғасыр деген аз уақыт емес. Таңаптарға су толық жетуі үшін күні-түні еңбектендік. Әсіресе жаз кезінде суды түнде жүргізген тиімді. Осы уақытта көл көтерген дақыл қажетті дымқылды бойына онай сіңіреді әрі судың буланып кетуіне жол берілмейді. Арықтармен су онай жүгіріп, топыраққа қажетті мөлшерде жете-



ді. Зейнетке шыққаннан кейін, 1994 жылы ауылдық кеңестің төрағасы ұжымның малын бағуға шығарды. Сөйтіп ауылдан шығатын малға өзіміздің жекеменшік қойымызды қосып бағып, шопандықтың ақ таяғын қолға қайта алдық. 1995 жылы «Сәрсембай» шаруа қожалығын құрып, ауыр еңбектің көрігін қыздырдық» деген ақсақал алғашқы кезде жүгері, жоңышқа, соя, мақсары, кант қызылшасы, картоп сынды дақылдарды өсіргенін жеткізді.

Дихан жердің құнарлылығын жоймас үшін жыл сайын түрлі дақылдың тұқымын ауыстырып салып отырған. Яғни бірнеше жыл жүгері отырғызылған алқапқа тынығу үшін жоңышқа себілген. Бұның бәрі жерге деген жанашырлықтан екенін алға тартқан Сәрсембай ақсақал тынымсыз еңбектің арқасында 1 отар қой өсіргенін, «мал өсірсен қой өсір, табысы оның көл-көсір» деген мақалдың растығын Елубай Әйешев есімді зоотехникпен бірге көргенін айтты. Қой-ешкіні уақытылы дәрілеп, мерзімімен ұрықтандырып, сақман кезінде мұқият қарағанда төлден шығын болмайтынын түсіндірген кейіпкерім балаларының жоғарғы білім алуына көмектескенін атап өтті.

Балаларының бәрі жоғары білім алып, бір-бір мамандықтың иесі атанған. 5 қызы – мұғалім, бір ұлы – мал дәрігері, екінші ұлы тіс дәрігерлігін бітірген. Кенже ұлы Керімбек діни оқу орнын бітіріп, Жетісу облысының бас имамы қызметін атқарып келеді. Еңбек ардагерінің айтуынша, 8 қыз, 4 ұл өсірген әулеттен бүгінгі күні 51 немере, 73 шөбере өрбіген. Жаратқан Алла Тағаладан ұрпағының амандықта, есендікте,

бейбітшілікте өсуін тілеп отыратын Сәрсембай Дәуітұлы маңдай терімен тапқан табысымен 2022 жылы ұрмаға, 2023 жылы үлкен қажылыққа барып қайтыпты. Әулетіндегі іні-қарындастары, балалары мен келіндері, жиендері қасиетті мекенге қадам басып, мұсылманның борышын атқарды.

Талапты ауылының ақсақалдары қатарында ел мен жердің өркендеуіне қатысты істерге ұйытқы болып, мал шаруашылығына, егістікке, су салуға байланысты туындаған сұрақтардың түйінін шешіп, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетіп келеді. Қазіргідей технологиялық өркендеу кезеңінде тіршіліктің жана тынысын тапқан жастарға қарата: «Биыл мектеп бітіріп жатқан әрбір бала халқымыздың келешегі, ұлтымыздың болашағы екенін білуі тиіс. Сонда ғана мемлекетшіл, отаншыл, еңбек сүйгіш мамандар шығады. «Еңбек етсен ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегенді қазақ бекер айтпаған. Қолы қимылдағанның аузы да қимылдайтынын қазіргі жас ұрпақ түсінсе деймін. Оны білген еліміздің жастары табысты, берекелі, сапалы бола түседі» деген Сәрсембай ақсақал көк тудың мәңгіге желбірей бергенін тілейтінін жеткізді.

«Ауылында карт болса, жазулы тұрған хатпен тең» деген нақыл сөзді бабаларымыз қалай біліп айтқан десенізіші?! Бүгінгі күніміздің берекелі, заманымыздың тыныш, аспанымыздың ашық тұруы осындай қазына кеуделі қариялардың жанашыр тілегінің қабыл болуынан. Ендеше, немере-шөбересінің тілеуін тілейтін қарттарымыз аман болсын!

Мәди АЛЖАНБАЙ,
Жетісу облысы

ҚОСТАНАЙ
УЕЗІ БҰРЫН
НИКОЛАЕВ АТАЛҒАН.
НИКОЛАЕВ УЕЗІНІҢ БАСТЫҒЫ
ҚЫЗМЕТІН АТҚАРҒАН
САЯХАТШЫ-ЗЕРТТЕУШІ,
ГЕОГРАФ АЛЕКСЕЙ ТИЛЛО 1871
ЖЫЛҒЫ 24 ҚАРАШАДА ҚАЗАҚ
ДАЛАСЫНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ
ХАЛЫҚ САНАҒЫН
ЖҮРГІЗГЕН.



Жітіқара болысы жайлы ДЕРЕКТЕР

Сол кезде жазған еңбегінен үзінді келтірейік: «Географиялық тұрғыдан Николаев уезі солтүстік-батысында Орынбор губерниясының Челябин, Верхнеуральск және Орск уездерімен, оңтүстігінде Торғай облысының Ырғыз және Торғай уездерімен, ал шығысында Сібір-қазақ даласымен шектеседі. Әкімшілік тұрғыдан уездің нақты шекарасы жоқ. Халықтың бәрі уез аумағында қыстайды. Ал үш болыс жазда Орынбор губерниясының үш шекаралас уезінде, қазақ жерлерінде қыстап, жартылай жайлайды. Жазда әдетте бұл жерлерден қазақтар көшіп, далаға кетеді де, тек жұмысшылары қалады, өздері кейде қыстауға шөп пен басқа да қажет дүниесін дайындау үшін ғана келіп-кетеді. Әдетте далалықтар өз қыстауынан 20-60 верст шамасында жайлауға көшеді. Николаев уезіне жазда басқа уездерден мың версттен астам жерден көптеген қазақтар келеді. Олар су көзінің маңына, тұрғылықты қазақтардың арасына орналасады, бірақ қыстау айналасын, егістікті, шабындық пен тебінді таптамауға тырысады. Алайда бұл талап көбіне сақталмайды. Әсіресе көшу кезінде қиын. Соның салдарынан түрлі жанжал, қактығыс болып тұрады. Әлсіз жақ көп адамынан айырылып, қалғаны жарақат алып, мал-мүлкі талан-таражға түсіп, егістігі бүлініп, кейін шегінеді. Мұндай жанжалдар кезінде әсіресе Түркістан казактарының мінезі қатал, зан-зәкүнге бас ұра бермейтін олар әрдайым жеңіске жетіп, Николаев уезінің казактарына үлкен зиян, шығын мен азап әкеледі».

Жітіқара болысындағы топырақтың бір бөлігі сазды, құмды, тастақты және сортаң болып келген екен. Өзендері ретінде Тобыл, Үш Қарасу, Берсуат, Қарайы, Құмак, Ақилар, Қарабұтақ, Қарағанды және Жарма аталған. Ор қаласынан Торғайға, Троицк қаласынан Бұхараға және ше-

кара шебінен Уркаш көліне баратын жолдар өткен.

Халық құрамы жайлы айтар болсақ, Жітіқара болысында негізінен Жағалбайлы руының Ормантай, Малатау, Аққожа, Құтпанай тармақтары көшіп-қонып жүрген. Одан бөлек Телеу руынан аздаған шаңырақ болған.

Түтін саны 2431, халық саны — ерадамлар 8541, әйелдер 9354, ауыл саны 7 болған. Бір қыстау тобында әдетте 2-8 түтін болған, одан көбі өте сирек. Бұл қыстаулар өзен, көл маңында немесе орман ішінде орналасқан шағын хуторларға ұқсаған. Жітіқара болысында осындай 342 қыстау тобы болған екен.

Болыс халқы негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Малды олардың негізгі байлығы деуге де болады. Сонымен қатар шөп маңындағы қазақтарда егіншілік жақсы дамыған. Бірақ олар дала казактарына қарағанда әлдеқайда кедей тұрған. Әдетте егіншілік қыстаулар маңында тез дамиды, ал далаға енген сайын диқаншылық әлсірейді. Көп қазақ мал саудасымен, Ибелей мен Уркаш көлдерінде түз өндірумен, Азияға жүк тасымалдаумен, шөп бойында сатуға арналған жылқы өсірумен, балық аулаумен және колөнермен айналысқан. Әйелдер үй шаруасы мен тұрмыстық жұмысты ғана атқарған. 1871 жылғы мал саны жайлы айтсақ, түйе 8635, жылқы 37 018, ірі қара 7923, қой 43 031, ешкі 5443 болған. 1869 және 1870 жылдары Николаев уезінің бірде-бір болысында кісі өлтіру, өзін-өзі өлтіру, кісі өлтіруге оқталу секілді оқыс оқиға тіркелмеген. Аталған мәліметтер Орынбор облысының мемлекеттік архивінен алынды (12-қор, 1-тізбе, 1-іс).

Гүлсара ХАНСАФАРОВА,
Қостанай облысы

СӘУІР АЙЫНДА
ОТБАСЫМЫЗҒА ОРНЫ ТОЛМАС АУЫР
ҚАЙҒЫ КЕЛІП, АЯУЛЫ ӘПКЕМІЗ БАТИМА
МОЛДАШҚЫЗЫ ӨМІРДЕН ӨТТІ. ОСЫНДАЙ АУЫР СӘТТЕ
БІЗГЕ ҮЛКЕН ҚОЛДАУ КӨРСЕТКЕН АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ
«ИМАНҒАЛИ» МЕШІТІНЕ ШЫНАЙЫ АЛҒЫСЫМЫЗДЫ БІЛДІРЕМІЗ.

Алғыс айтамын

Қаралы күнде абдырап, не істерімізді білмей қалған уақытта «Иманғали» мешітінің ұжымы бар жауапкершілікті өз мойнына алып, бізге орасан көмек көрсетті. Ноғай қорымынан орын тауып беріп, қойар қазу жұмыстарын ұйымдастыру, жаназаға қажетті барлық істерді реттеу, сондай ақ дастарқанға тегін ет жеткізіп беру — мұның бәрі біз үшін ұмытылмас жақсылық болды. Осындай сауапты істердің басы-қасында жүрген мешіттің имамдары Мұрат Ғазизов, Қанағат Қалыбайұлы, Мағжан Игенбайұлына ерекше ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ журналист Нұркен Мағриденұлына және марқұмды мұсылман жолымен атық сапарға дайындап, соңғы тазарту рәсімін жасап берген Айнауғұлге шын жүректен алғыс айтамыз. Сол ауыр күндері мешіттің жанашырлығы мен қамқорлығы бізге үлкен демеу болды. Олар көмек көрсетіп қана қоймай, қиын сәтте адамгершілік пен мұсылмандық бауырмалдықтың шынайы үлгісін көрсетті. Алла Тағала олардың жасаған әрбір жақсылығын еселеп қайтарсын дегім келеді.

Кенже АХМЕТОВА,
Атырау қаласы



зиялылары Орынбордың төрінде ұлт басылымдарының атасына айналған газетті шығарғанда, атын «Қазақ» атаған жоқ па? Сол «Қазақ» газеті мұқым елдің көзін ашып, жоғын жоқтаған жоқ па? Қазақтың оқығандары мақала жазып, байлары сол газетке мал-дүниесімен жәрдем берген жоқ па? Міржақып Дулатұлы «Алыстан «Алаш» десе, аттанамын, Қазақтың, «қазақ» десе мақтанамын. Болғанда әкем — қазақ, шешем — қазақ, Мен неге қазақтың мақтанамын?!» деп, қазақ екенін мақтан тұтқан жоқ па? Сәкен Сейфуллин ұлты-

мызды «қырғыз» деген атаудан арылтып, «қазақ» деген атауды қайтарған жоқ па? Жұбан Молдағалиев «Мен — қазақпын, мын өліп, мын тірілген» деп рухымызды қайраған жоқ па? Ал қазір бізге ұлтымыздың атын қорлайтындай не күн туды? Осы бір кәсіптің басында отырған азамат өзі қазақ па екен? Қазақ екеніне менің күмәнім бар. Ананың сүтіне жарыған, ауылдың құмында аунаған, қазақы тәрбие көрген, ата мен әженің бауырында өскен қазақ бұлай жасамайды. Намысы бар, ұяты күшті қазақ ұлтының атын бөтелкеге жабыстырмайды.

Ардақты ағайын, ұлтымыздың атын бұлай қорлатып қою намысымызға сын, сүйегімізге таңба емес пе? Біз бұл сорақылықты ел болып тоқтатуымыз керек. Біз бар қазақты арақтан арашалап алмасымыз анық, алайда өз ұлтымыздың атын бұл қорлықтан арашалап алуымыз керек. Жалғыз менің дауысым ешкімге жетпейді. Осы арақпен қыруар ақша тауып отырған кәсіпкер бір адамның айкайына бола арам судан ұлтымыздың атын алып тастамасы анық. Біз өкіметке уәж айтып, аталған араққа шағым түсіруіміз керек. Бұл мәселені депутаттар халықтың атынан қозғауы керек. Баспасөз жарыса жазып, елдің атынан көтеруі керек. Ұлтымыздың атын араққа жабыстыруға заңмен тыйым салдыруымыз керек. Намысы бар, қолында билігі бар ағаларымызға жанайқайымыз жетеді деп ойлаймын. Бұл мәселе әрбір қазақты бейжай қалдырмауы керек!

Серікбол НАЗАРБЕКҰЛЫ,
Ақтөбе қаласы

Ұлтымыздың АТЫН ҚОРЛАТПАЙЫҚ!

«ОРЫС АРАҚҚА ҒАШЫҚ, АЛ АРАҚ ҚАЗАҚҚА ҒАШЫҚ» ДЕГЕН ӘЗІЛ АРАЛАС ӘНГІМЕ БАР. АРАҚ ҚАЗАҚҚА ҚАЛАЙША ҒАШЫҚ БОЛМАСЫН, ЕГЕР ҚАЗАҚ ӨЗ ҰЛТЫНЫҢ АТЫН БӨТЕЛКЕНІҢ СЫРТЫНА ЖАБЫСТЫРЫП ШЫҒАРЫП ЖАТСА. КҮЛЕТІН ЕМЕС, ЖЫЛАЙТЫН НӘРСЕ. ТАЛАЙ ОТБАСЫНЫҢ ШЫРҚЫН БҰЗЫП, ТАЛАЙ АЗАМАТТЫ АТТАН ТҮСІРГЕН АШЫ СУДЫҢ ЗИЯНЫН АЙТЫП ТАУЫСА АЛМАСПЫЗ. АЛАЙДА «АЙТЫЛМАСА, СӨЗДІҢ АТАСЫ ӨЛЕДІ» ДЕГЕНДЕЙ, НАМЫСЫМЫЗҒА ТИІП, ЖАНЫМЫЗҒА БАТҚАН БІР МӘСЕЛЕНІ АЙТА КЕТЕЙІК.

Ақтөбе қаласында «Қазақ» деген атаумен арақ шығады. Мұны қанша жылдан бері көріп жүрміз, көрген сайын ашуымыз келеді. Бірақ қолымызда еш құзырет болмаған соң: «Біздің дауысымыз кімге жетеді?» — деп, іштей тынып жүре беретінбіз. Жақында бір супермаркеттен өзбек ағайынның «Өз-бегім» деген салқын сусынын көрген кезімде қатты намыстандық. Біз неге өз ұлтымыздың атын солай ардақтаймыз? Неге біз «Қазақ» деген қасиетті ұғымды қор қылып қойдық?

«Бізде «Қазақстан» деген шоколад та, шай да бар ғой» деп айтатындар табылар. Бары рас, бұл — қуанарлық нәрсе. Бірақ «Қазақстан» деген қоньяктар да бар ғой. Хош, олар елімізді әлемге танытып, брендке айналған өнімдердің атауы деп өзімізді

Кешегі жауынгер бабалар қазақ деп ұйқы көрмей, елді жаудан қорғаған жоқ па? Қазақ деген репрессия кезінде атылып кеткен 25 мың зиялымыз емес пе? Қазақ деген кешегі елдің қамын жеген алаштықтар емес пе? Қазақ деген 1986 жылы жан берген Қайрат, Ербол, Сәбира, Ләззаттар емес пе? Ендеше, неге біз қазіргі ұрпаққа «қазақ» деген қастерлі атауды арақ арқылы таныстырып жатырмыз? Осы арақты шығаратын және оны сатып алып ішетін қазақтардың ұяты, намысы, ұлтына деген сүйіспеншілігі жоқ болғаны ма? Аталарымыз кезінде «қазақ» деген атауды жоғары ұстаған еді. Ұлт

